

Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 17 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 60 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 наурызда № 26984 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 6 сәуірдегі № 4, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 408, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 216/НҚ, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 8 сәуірдегі № 1, Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 60 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 06.04.2026 № 4, ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 408, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 22.04.2026 № 216/НҚ, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 08.04.2026 № 1, ҚР туризм және спорт министрінің 14.04.2026 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 11-бабы 3-2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға

қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бірлескен бұйрықтары осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі*

_____ Д. Абаев

*Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігінің
төрағасы*

_____ Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2022 жылғы 28 ақпандағы
№ 60 мен
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2022 жылғы 28 ақпандағы
№ 17 Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы Заң) 11-бабының 3-2-тармағына және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Осы Талаптарда қаржы мониторингі субъектілеріне ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар (бұдан әрі – Субъектілер) жатады.

3. Талаптарда пайдаланылатын ұғымдар КЖ/ТҚҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңында көрсетілген мағыналарда қолданылады.

4. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлінген байланыс арнасы – Субъектімен электрондық өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті органның желісі;

2) ҚМ-1 нысаны – КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ) саласындағы қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қаржы мониторингі субъектілерімен мәліметтерді беру қағидаларында көзделген қаржылық мониторингке жататын операция туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ) тәуекелдері – Субъектілерді КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру немесе өзге де қылмыстық әрекет процестеріне әдейі немесе абайсызда тарту мүмкіндігі;

4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру

тәуекелдерін басқару – Субъектілердің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін мониторингтеу, анықтау, сондай-ақ оларды азайту (клиенттердің қызметтеріне қатысты) бойынша қабылдайтын шаралар жиынтығы;

5) мінсіз іскерлік бедел – кәсібилікті, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын фактілердің болуы, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушы (ірі акционер) болу өмір бойы құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы;

б) уәкілетті орган – КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

5. Ішкі бақылау мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) Субъектілердің КЖ/ТҚҚ туралы Заңның талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

2) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті деңгейде ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қолдау болып табылады;

3) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін барынша азайту.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру шеңберінде Субъектілер:

1) тәуелсіз аудит жүргізуге шешімі болған жағдайда тәуелсіз аудитті, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылау тиімділігін бағалауды ұйымның ішкі аудит қызметімен не ішкі аудит жүргізуге уәкілетті өзге органмен жүргізуін қамтитын ішкі бақылау қағидаларын Талаптарға сәйкес басқару органмен немесе атқарушы органмен әзірлеуі және қабылдауы;

2) бөлінген байланыс арнасының болуын қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7. Ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – ІБҚ) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ-ға бағытталған жұмыстың ұйымдастырушылық негіздерін реттейтін және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында Субъектілердің іс-қимыл тәртібін белгілейтін құжат болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Ішкі бақылау қағидалары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ-ға бағытталған жұмыстың ұйымдастырушылық негіздерін регламенттейтін және Субъектілердің іс-қимыл тәртібін белгілейтін КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабының 3-тармағында көзделген бағдарламаларды қамтиды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. ІБҚ Субъектілердің басшы қызметкерлерінің немесе Субъектілердің тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес өзге де басшыларының арасынан, ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды тағайындауды, сондай-ақ Субъектілердің ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды, оның ішінде мінсіз іскерлік беделінің болуын көздейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

10. КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Субъектілер ресми жарияланған кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ІБҚ-ға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

2-тарау. Субъектілердің басшы қызметкерлерінің немесе Субъектілердің тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес өзге де басшыларының арасынан, ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ Субъектілердің ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты қызметкерлеріне, оның ішінде мінсіз іскерлік беделінің болуы туралы қойылатын өзге де талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

11. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін Субъект пайдаланатын автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен бағдарламалық қамтамасыз етулерді қолдану;

2) клиенттерге іскерлік қатынастар орнатудан бас тартқан және іскерлік қатынастарды тоқтатқан, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартқан және ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтату жөнінде шаралар қолданған жағдайларда тоқтатылады;

3) субъекті зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияны күдікті операция ретінде танығанда;

4) уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелердегі және бағдарламалық қамтамасыз етудегі жұмыстың нұсқаулары мен регламенттерін қоса алғанда, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту фактілер туралы, қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты, уәкілетті органға беру.

5) қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттамалық тіркеу;

6) Субъект қызметкерлерінің өздеріне белгілі болған, Субъект қызметкерлері жол берген Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ, ІБҚ туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы басшыға хабардар ету;

7) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде ІБҚ-ды іске асыруға және сақтауға жауапты тұлғаның ұйымның басқа бөлімшелерімен, персоналымен, филиалдарымен, уәкілетті органдармен және олардың лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылы;

8) бақылау ұйымдары үшін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ бойынша талаптарды ұйымды бақылауға ие заңды тұлғаның сипаттамасы;

9) ұйымды бақылауға ие заңды тұлғамен тәуелсіз аудит жүргізуге шешімі болған жағдайда тәуелсіз аудитті, ұйымның ішкі аудит қызметімен не ішкі аудитті жүргізуге уәкілетті өзге органмен КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылау тиімділігін бағалауды жүргізудің нәтижелері бойынша басқарушылық есептілікті органдарға және лауазымды тұлғаларға дайындау және ұсыну;

10) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру, оның ішінде клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін, бейрезидент заңды тұлғаны, заңды тұлға құрмай өзге де шетелдік құрылымын тексерудің оңайлатылған және күшейтілген шараларын қолдану рәсімдерінің ерекшеліктері;

11) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиент операциясын күдікті ретінде тану;

12) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін бағалау, айқындау, құжаттамалық тіркеу және жаңарту;

13) бақылау шараларын, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін төмендету жөніндегі рәсімдерді әзірлеу;

14) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелінің дәрежесін ескере отырып, өз клиенттерін сыныптау;

15) барлық құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде біржолғы операциялар бойынша, сондай-ақ клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің досьесін және онымен хат алмасуды қоса алғанда, клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған мәліметтерді клиентпен (оның өкілімен) және бенефициарлық меншік иесімен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап немесе біржолғы мәміле жасалған күннен кейін кемінде бес жыл, оларды сотта дәлелдеме ретінде пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, олар уәкілетті органға, сондай-ақ өздерінің құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға уақтылы қолжетімді болуы үшін сақтау.

Субъектілердің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру жөніндегі қосымша шараларды Бағдарламаға енгізуіне жол беріледі.

Субъектілер Субъектілердің басшы қызметкерлерінің немесе тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес Субъектілердің өзге де басшыларының арасынан ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды (бұдан әрі – жауапты қызметкер), сондай-ақ Субъектілердің ІБҚ-ның іске асырылуына және сақталуына жауапты қызметкерлерін (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ жөніндегі бөлімшенің қызметкері) тағайындайды.

Жауапты қызметкер лауазымына:

жоғары білімі;

ойын бизнесі саласында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

мінсіз іскерлік беделі бар тұлға тағайындалады.

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ жөніндегі бөлімшенің қызметкері лауазымына:

жоғары білімі;

ойын бизнесі саласында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

мінсіз іскерлік беделі бар тұлға тағайындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

12. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру Бағдарламасына сәйкес жауапты тұлғаның не құрылымдық бөлімшенің функциялары:

1) ІБҚ әзірлеу және келісу, оларға субъект басшысымен өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ ІБҚ іске асыру және сақтау мониторингі;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беруді ұйымдастыру және бақылау;

3) клиенттердің операцияларын күдікті деп тану туралы шешімдер қабылдау;

4) клиенттердің операцияларын КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ заңдастыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдау;

5) клиенттер операцияларын тоқтата тұру не жүргізуден бас тарту туралы және операциялар туралы ақпаратты уәкілетті органға жіберу қажеттігі туралы шешімдер қабылдау;

6) клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

7) субъектінің басшысына клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдау үшін сұрау салулар жіберу;

8) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің операциясына қатысты қабылданған шешімдерді Құжаттамалық тіркеу;

9) ІБҚ іске асыру нәтижесінде алынған деректер негізінде клиент досьесін қалыптастыру;

10) анықталған ІБҚ бұзушылықтары туралы субъект басшысын хабардар ету;

11) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

12) өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету;

13) КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ақпарат ұсыну;

14) уәкілетті органға оның сұрау салуы бойынша ақпарат, мәліметтер мен құжаттар беру;

15) ІБҚ іске асыру нәтижелері және субъект басшысына есептер қалыптастыру үшін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ заңдастыру тәуекелдерін басқару және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша ұсынылатын шаралар туралы ақпарат дайындау;

16) барлық құжаттар мен мәліметтерді сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

13. Жүктелген функцияларға сәйкес Субъектілер:

1) өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттік органдарға ақпарат береді;

3) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 3-1-тармағына сәйкес уәкілетті органға оның сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Субъектілерге жауапты қызметкердің немесе КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ жөніндегі бөлімше қызметкерлерінің қосымша функциялары мен өкілеттіктерін енгізуіне жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабының 5-тармағына сәйкес клиенттерге ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операцияларды тоқтатып қою жөніндегі қолданылған шаралар туралы, іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту туралы, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операцияларды жүргізуден бас тарту туралы хабарлауды қоспағанда, клиенттерге және өзге де тұлғаларға осындай клиенттер мен өзге де тұлғаларға қатысты қабылдайтын КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ жөніндегі шаралар туралы хабарлауға тыйым салынады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Филиалдарда, өкілдіктерде және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерде осы Талаптардың 12, 13-тармақтарында көзделген функциялар мен

өкілеттіктер толық немесе ішінара жүктелген қызметкерлер болған кезде мұндай қызметкерлердің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жауапты қызметкер жүзеге асырады.

Егер Субъект бас ұйым болып табылған жағдайда жауапты қызметкер ІБҚ-ға шоғырландырылған негізде өзгерістер және (немесе) толықтырулар әзірледі, енгізуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды құрылымдық бөлімшелердің (филиалдардың, еншілес ұйымдардың, өкілдіктердің) орындауын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Осы Талаптардың 12-тармағында көзделген жауапты қызметкерге, сондай-ақ КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚІ жөніндегі бөлімше қызметкерлеріне жүктелген функциялар ішкі аудит қызметінің не ішкі аудит жүргізуге уәкілетті өзге органның функцияларымен, сондай-ақ ұйымның операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыратын бөлімшелердің функцияларымен үйлеспейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3-тарау. Технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілген қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін ескеретін, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін (тәуекелдің төмен, жоғары деңгейлері) басқару бағдарламасы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

17. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру мақсатында Субъектілер клиенттердің тәуекелдерін және технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін ескеретін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару бағдарламасын әзірлейді.

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару бағдарламасы мыналарды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

1) Субъектінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру тәртібі, оның ішінде оның құрылымдық бөлімшелері (бар болса) бөлінісінде;

2) клиенттің тәуекел деңгейіне, сондай-ақ Субъектінің қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне қатысты тәуекелдердің негізгі санаттарын (клиенттің түрі, елдік тәуекел және көрсетілетін қызметтердің/өнімдердің тәуекелі және (немесе) оны ұсыну тәсілі бойынша) ескере отырып, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау әдістемесін;

3) алдын алу іс-шараларының тізбесін, оларды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін, қабылданған шараларға сәйкес нәтижелерді бақылауды көздейтін клиенттердің тәуекелдеріне және Субъект өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне тұрақты мониторингті, талдауды және бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) клиенттердің тәуекелдер деңгейлерін қайта қарау үшін беру тәртібін, мерзімдері мен негіздерін қамтиды.

Субъектілер жыл сайынғы негізде Субъектілер қызметтерінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ жария ету тәуекелдерінің есебіндегі ақпаратты және тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын ескере отырып, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалауды жүзеге асырады: клиенттердің типі бойынша тәуекел, елдік (географиялық) тәуекел, қызмет көрсету тәуекелі және (немесе) оны ұсыну тәсілі.

Субъектілер қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалау клиенттердің операцияларын сәйкестендіру және мониторингілеу рәсімдерін өзгертуді, қызметтерді (өнімдерді) ұсыну шарттарын өзгертуді, қызметтерді (өнімдерді) ұсынудан бас тартуды қоса алғанда, анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ықтимал іс-шараларды сипаттаумен сүйемелденеді.

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері Субъектілер мүшелері болып табылатын тиісті мемлекеттік органдардың және коммерциялық емес ұйымдардың талап етуі бойынша ұсынылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

18. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін арттыратын клиенттердің түрлеріне келесі факторлар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

1) жария лауазымды адамдар, олардың жұбайлары мен жақын туыстары, сондай-ақ аталған адамдар бенефициарлық иеленушілері болып табылатын заңды тұлғалар;

2) азаматтығы жоқ адамдар;

3) Қазақстан Республикасында тіркелген немесе болатын мекенжайы жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 12 және 12-1-баптарында көзделген террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбелер) енгізілген ұйымдар мен адамдар, сондай-ақ аталған адамдардың бенефициарлық меншік иелері. Тізім және тізбелер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

5) қорлардың, діни бірлестіктердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдар болып табылады;

6) осы Талаптардың 20-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан осындай тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

7) оған қатысты алынған деректердің дұрыстығына күмән келтіруге негіз бар клиент;

8) клиент операцияның не пайдаланылуы Субъектілердің әдеттегі практикасынан ерекшеленетін стандартты емес немесе ерекше күрделі есептеу схемаларының асығыс жүргізілуін талап етеді;

9) өзіне қатысты Субъект бұрын күдік келтірген клиент;

10) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі КЖ/ТҚҚ туралы Заңда көзделген клиентті тиісінше тексеру рәсімдерінен жалтаруға бағытталған іс-әрекеттерді жасайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

19. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін төмендететін клиенттердің түрлері келесі факторларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ оларға бақылауды мемлекеттік органдар жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2) акциялары Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдар;

3) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан не Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар;

4) осы Талаптардың 21-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан осындай тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері жатады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

20. Субъектілер осы тармақта көрсетілген шет мемлекеттерде қызмет жүргізуге, осындай шет мемлекеттердің клиенттеріне қызметтер (өнімдер) ұсынуға және осындай шет мемлекеттердің қатысуымен ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асыруға байланысты елдік (географиялық) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

Операциялары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін арттыратын шет мемлекеттер келесі факторларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

уәкілетті орган жасайтын ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен қабылданған халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын шет мемлекеттер (аумақтар);

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" № 8 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 тіркелген) сәйкес офшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

басқа факторлар (сыбайлас жемқорлық деңгейі, есірткінің заңсыз өндірісі, айналымы және (немесе) транзиті туралы мәліметтер, халықаралық терроризмді қолдау туралы мәліметтер және басқалар) негізінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ жоғары тәуекелін білдіретін Субъектілер ретінде айқындалған шет мемлекеттер (аумақтар).

Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық ұйымдардың деректері бойынша осындай мемлекеттердің (аумақтардың) тізбелеріне сілтемелер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің

14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

21. Операциялары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін төмендететін шетел мемлекеттері келесі факторларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

халықаралық стандарттарды орындайтын және ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) мәліметтеріне сәйкес КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тиімді жүйесі бар шет мемлекеттер (аумақтар).

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

22. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін арттыратын субъектілердің қызметтеріне (өнімдеріне) келесі факторлар кіреді, бірақ олармен шектелмейді:

шекті мәннен асатын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция;

клиенттің Кимберлий процесінің мерзімі өткен сертификатын ұсынуы;

клиентпен іскерлік қатынастар ерекше жағдайларда жүзеге асырылады (мысалы, клиенттің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз, онда клиент тиісті тексеруден жалтаруға бағытталған әрекеттерді жасайды);

белгісіз немесе байланысты емес үшінші тұлғалардың атынан немесе пайдасына операция жасау;

қолма-қол есеп айырысуды қоса алғанда, анонимдік банк шоттарына немесе анонимдік, ойдан шығарылған есімдерді пайдалануға байланысты операциялар жасау;

экономикалық мағынасы немесе құқықтық мақсаты жоқ операцияларды жасау;

клиенттің өзіне тән емес жиілікпен немесе осы клиент үшін ерекше ірі сомаға операциялар жасауы.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

23. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін арттыратын өнімді (қызметті) ұсыну тәсілдері келесі факторларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

клиенттің (оның өкіліне) жеке қатысуынсыз операцияны жүзеге асыру;

клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне қатысты клиентті тиісті тексеру шараларын қолдану үшін үшінші тараптардың қызметтерін пайдалану.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің

14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

24. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелін төмендететін өнімді (қызметті) ұсыну тәсілдері келесі факторларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

клиенттің жеке қатысуымен операцияны жүзеге асыру.

Субъектілердің уәкілетті органмен келісім бойынша қосымша тәуекел факторларын енгізуіне жол беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

25. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде субъектілер осы Талаптардың 18-24 тармақтарында көрсетілген санаттар мен тәуекел факторларын, сондай-ақ субъектілер белгілейтін тәуекелдердің өзге де санаттарын ескере отырып, клиенттерді сыныптау бойынша шаралар қабылдайды.

Клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін субъектілер субъектілерде бар клиент (клиенттер) туралы мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша белгілейді және төмен және жоғары деген екі деңгейден кем емес тәуекел деңгейін айқындау шәкілі бойынша бағаланады.

Осы Талаптардың 18-24 тармақтарында көрсетілген тәуекелдер санаттары мен факторларын пайдалана отырып тәуекелдерді бағалау операциялар (Іскерлік қатынастар) мониторингінің нәтижелері негізінде клиенттерге (клиенттер тобына) қатысты жүргізіледі.

Клиент (клиенттер тобы) тәуекелінің деңгейін қайта қарауды субъектілер клиент (клиенттер тобы) туралы мәліметтердің жаңартылуына және операциялар (Іскерлік қатынастар) мониторингінің нәтижелеріне қарай жүзеге асырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

26. Субъектілер КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін анықтайды және бағалайды:

1) берудің жаңа тетіктерін қоса алғанда, жаңа өнімдер мен жаңа іскерлік тәжірибені әзірлеу;

2) жаңа және бұрыннан бар өнімдер үшін жаңа немесе дамып келе жатқан технологияларды пайдалану.

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау жаңа өнімдерді, іскерлік практиканы іске қосқанға немесе жаңа немесе дамушы технологияларды пайдаланғанға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы

27. Клиентті және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру бағдарламасы Субъектілердің клиент (оның өкілі) туралы мәліметтерді тіркеу және олардың анықтығын тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы мәліметтерді тіркеу, клиент (оның өкілі) туралы бұрын алынған мәліметтерді жаңарту, іскерлік қатынастардың болжамды мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ клиент және олардың өкілдері туралы КЖ/ТҚҚ туралы Заңда көзделген өзге де мәліметтерді алу және тіркеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуінен тұрады:

1) іскерлік қатынастарды орнатудан және (немесе) операцияны жүргізуден бас тарту, сондай-ақ іскерлік қатынастарды тоқтату рәсімі мен негіздерін қоса алғанда, клиенттерді қабылдау тәртібі;

2) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру тәртібі, оның ішінде клиентті (оның өкілін) бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексерудің оңайлатылған және күшейтілген шараларын қолдану рәсімдерінің ерекшеліктері, Субъектінің жеке тұлғаны клиенттің бенефициарлық меншік иесі деп тану туралы шешім қабылдау тәртібі;

3) Субъектінің қызмет көрсетудегі немесе қызмет көрсетуге қабылданатын жеке тұлғалардың, сондай-ақ аталған тұлғалар бенефициарлық меншік иелері болып табылатын клиенттердің заңды тұлғалары арасынан жария лауазымды тұлғаларын, олардың жұбайларын (зайыптарын) және жақын туыстарын анықтауға және осындай клиенттерді қызмет көрсетуге қабылдауға (ұйымның басшы қызметкерінің жазбаша рұқсатын ала отырып) бағытталған шаралардың сипаттамасы;

4) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің Тізімде және Тізбелерде болуын тексеру тәртібі;

5) іскерлік қатынастарды қашықтықтан белгілеу кезінде сәйкестендіру ерекшеліктері (клиенттің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз);

6) Талаптарды орындау шеңберінде клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру процесінде алынған мәліметтер алмасу ерекшеліктері;

7) басқа ұйымдардан мәліметтер алу, оның ішінде өздерінің (олардың өкілдерінің) және бенефициарлық меншік иесінің пайдасына немесе атынан (операциялар жасалатын) жеке және заңды тұлғаларды сәйкестендіру арқылы клиенттерді сәйкестендіру ерекшеліктері;

8) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру мақсатында қосымша ақпарат көздерінің, оның ішінде мемлекеттік органдар ұсынатын ақпарат көздерінің сипаттамасы;

9) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру тәртібі;

10) деректер жинағында қамтылған мәліметтерді жаңарту кезеңділігін көрсете отырып, клиент досьесінің нысанына, мазмұнына және жүргізу тәртібіне, мәліметтерді жаңартуға (жылына кемінде 1 рет, ал жария лауазымды адамдарға, олардың жұбайларына және жақын туыстарына, сондай – ақ көрсетілген тұлғалар бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты-жарты жылда кемінде 1 рет) қойылатын талаптар;

11) сәйкестендіру жүргізу кезінде алынған ақпаратқа Субъект қызметкерлерінің қол жеткізуін қамтамасыз ету рәсімін қамтиды;

12) клиенттің тәуекел деңгейін бағалау тәртібі, осындай тәуекелді бағалау негіздері.

Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға, не шетелдік қаржы ұйымына Субъектінің клиенттеріне қатысты КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 2-2) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қолдануды тапсырса, Субъект мынадай тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлейді:

Субъектілердің сәйкестендіруді жүргізу тапсырылған тұлғалармен шарттар жасасу рәсімін, сондай-ақ осындай шарттар жасасуға уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы;

ұйым мен сәйкестендіруді жүргізу тапсырылған тұлғалар арасындағы шарттарға сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімі;

сәйкестендіруді жүргізу тапсырылған тұлғалар сәйкестендіруді жүргізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектіге беру рәсімі мен мерзімдері;

сәйкестендіру жүргізу тапсырылған тұлғалардың Субъектіден алынған мәліметтерді беру рәсімін, мерзімдері мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру жөніндегі талаптарды сақтауын бақылауды Субъектінің жүзеге асыру рәсімі, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде Субъект қабылдайтын шаралар;

сәйкестендіру жөніндегі талаптарды, оның ішінде рәсімдерді, ұйымға алынған мәліметтерді беру мерзімдері мен толықтығын сақтамаған жағдайда,

Субъектінің сәйкестендіру жүргізу тапсырылған адамдармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы шешім қабылдау негіздері, рәсімі және мерзімдері;

сәйкестендіру жүргізу тапсырылған тұлғалармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы шешім қабылдауға уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғалардың тізбесі;

Субъект сәйкестендіру жүргізуді тапсырған тұлғалардың сәйкестендіру жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін, ұйымға алынған мәліметтерді беру рәсімін, мерзімдері мен толықтығын қоса алғанда, олардың жауапкершілігі туралы ережелер;

ұйымның сәйкестендіру жөніндегі талаптарды орындау мақсатында оларға әдіснамалық көмек көрсету мәселелері бойынша сәйкестендіруді жүргізу тапсырылған адамдармен өзара іс-қимыл жасау рәсімі;

КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ ықтимал тәуекелдерін анықтау рәсімі.

ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-баптың 10-тармағына сәйкес Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекетте (аумақта) басқа Субъект немесе шетелдік қаржы ұйымы тіркелген, болған жағдайда Субъектілер КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының 6, 6-1 және 8-тармақтарда көзделген іс-әрекеттерді жасауға құқығы жоқ.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

28. Субъектілер клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісті тексеруді жүргізу кезінде оларды мынадай міндеттемелер бойынша сәйкестендіреді:

1) сенімді, тәуелсіз бастапқы құжаттарды, деректерді немесе ақпаратты қолдана отырып, клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру және клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің жеке басын растау;

2) бенефициарлық меншік иесін анықтау және бенефициарлық меншік иесінің жеке басын тексеру үшін ақылға қонымды шаралар қабылдау, бұл Субъектіге бенефициарлық меншік иесінің кім екенін білетініне сенуге мүмкіндік береді. Заңды тұлғалар мен заңды тұлға құрмаған шетелдік ұйымдар үшін бұл Субъектінің басқару құрылымы мен клиенттің меншігі туралы ақпарат алуын қамтуы керек;

3) іскерлік қатынастардың мақсаттары мен болжамды сипаты туралы ақпаратты түсіну және қажет болған кезде алу;

4) жасалатын мәмілелердің Субъектілердің клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі, оның шаруашылық қызметі және тәуекелдердің сипаты туралы, оның ішінде қажет болған жағдайда қаражат көзі туралы мәліметтерге сәйкестігі туралы көз жеткізу үшін тұрақты негізде іскерлік қатынастарға тиісті тексеру жүргізу және осындай қатынастар шеңберінде жасалған мәмілелерге толық талдау жасау;

5) баламалы немесе ұқсас лауазымдарды атқаратын заңды тұлға құрмаған шетелдік ұйымдарға, жеке деректерге қатысты.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

29. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру үшін Субъектілерге қажетті құжаттар тізбесі:

заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға сенімхатсыз клиент атынан іс-әрекеттер жасауға арналған құжат (құжаттар);

клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бейрезидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат.

Субъектілер клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру жүргізген кезде клиент туралы мәліметтерді клиенттің (оның өкілінің) таңдауы бойынша ұсынылатын түпнұсқалардың не құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің не апостиль қоя отырып, құжаттардың көшірмелерінің негізінде немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген заңдастырылған тәртіппен құжаттық түрде тіркейді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

30. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 6-бабының талаптарын ескере отырып, Субъектілер іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруді жүргізеді.

31. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 7-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, Субъектілер клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруді, жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қажет болған кезде алуды және тіркеуді қоса алғанда, іскерлік қатынастарды тексеруді және операцияларды зерделеуді жүргізеді, сондай-ақ клиенттің тәуекел деңгейін ескере отырып, клиент туралы алынған мәліметтердің анықтығына тексеру жүргізеді:

- 1) клиент шекті операция (мәміле) жасаған кезде;
- 2) клиент күдікті операция (мәміле) жасаған (жасауға әрекет жасаған) жағдайларда;
- 3) клиент ерекше операция (мәміле) жасаған жағдайларда;
- 4) клиент КЖ/ТҚҚ типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияны (мәмілені) жасаған жағдайларда тоқтатылады.

Клиент белгіленген іскерлік қатынастар шеңберінде операция (мәміле) жасаған кезде, егер ол осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды, сондай-ақ клиенттің тәуекел деңгейі мен бұрын алынған не қосымша мәліметтер алу қажеттілігін қоспағанда, осындай іскерлік қатынастар орнатылған кезде жүргізілсе, клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру жүргізілмейді.

32. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру шеңберінде осы Талаптардың 29-тармағына сәйкес алынған құжаттар мен мәліметтерді Субъектілер құжаттамалық тіркейді және клиенттің досьесіне енгізеді.

Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар, оның ішінде қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер және күдікті операцияларды, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъект клиентпен іскерлік қатынастардың бүкіл кезеңі ішінде және клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл сақтауға тиіс.

Субъектілер КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 6-тармағының 1) тармақшасын қолданған кезде олар клиенттің досьесіне енгізу (қосу) үшін басқа Субъектілерінен клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы туралы мәліметтерді дереу алады, сондай-ақ сұрау салу бойынша оларға, оның ішінде клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне тиісті тексеру шараларына Субъектілер сүйенетін ақпарат, ақпараттық жүйелерден немесе басқа Субъектілердің дерекқорларынан үзінді көшірмелер жататын растайтын құжаттардың көшірмелерін кідіріссіз алады.

Субъектілер клиенттің досьесін олар ІБҚ-ға сәйкес берген тәуекелінің деңгейіне қарай ол туралы мәліметтерді тіркеу арқылы қалыптастырады. Клиентке төмен деңгей берілген жағдайда оған қатысты тиісті тексерудің жеңілдетілген шаралары жүргізіледі және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-2) және 4) тармақшаларында көзделген мәліметтер тізбесі тіркеледі.

Клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының 5-тармағында көзделген қосымша мәліметтер (салықтық резиденттігі, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтер) талап етіледі, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ туралы Заңда қарастырылған шаралар.

Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексерудің күшейтілген шаралары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелінің жоғары деңгейі кезінде қолданылады.

Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексерудің оңайлатылған шаралары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелінің төмен деңгейі кезінде қолданылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

33. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру процесінде субъектілер тізімде және тізбелерде осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) болуына тексеру жүргізеді.

Клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) тізімде және тізбелерде болуын тексеру (тізімге және тізбелерге енгізу) клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты емес және оларға өзгерістердің (жаңартулардың) енгізілуіне қарай жүзеге асырылады.

Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру процесінде Субъектілер осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) жария лауазымды адамдарға, олардың жұбайлары мен жақын туыстарына, сондай-ақ аталған клиенттерге тәуекелдің жоғары деңгейін міндетті түрде бере отырып, бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғаларға тиесілігін анықтауға міндетті.

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелінің жоғары деңгейі бар клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту жарты жылда кемінде 1 (бір) рет жүзеге асырылады.

Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтерді жаңарту мерзімділігі және (немесе) алу қажеттілігі клиенттің (

клиенттер тобының) тәуекел деңгейі және (немесе) клиент пайдаланатын Субъектінің қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі ескеріле отырып белгіленеді.

Клиентке іскерлік қатынастарды орнатудан және ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасаудан бас тартылған жағдайда, КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының 3-тармағының 1), 2), 2-2), 4) және 6) тармақшаларында көзделген шараларды, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларын қабылдау мүмкін болмаған жағдайда Субъектілер уәкілетті органдарға ҚМ-1 нысаны бойынша осындай факті туралы хабарлама жібереді.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көзделген шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ клиент жасайтын операцияларды зерделеу процесінде клиент іскерлік қатынастарды КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда, Субъектілер клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы. Егер іскерлік қатынастар жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылса, Субъектілер уәкілетті органға ҚМ-1 нысаны бойынша хабарлама жібереді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы

34. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру жөніндегі, сондай-ақ қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы хабарламаларды анықтау және уәкілетті органға жіберу жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында Субъектілер клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасын әзірлейді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

35. Клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін, сондай-ақ субъектілер дербес әзірлеген күдікті операцияларды айқындау белгілері негізінде жасалған ерекше және күдікті операциялар белгілерінің тізбесі;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес сипаттамалары бар клиенттің операцияларын анықтау рәсімін қамтиды;

3) клиент жүйелі түрде және (немесе) елеулі көлемде әдеттен тыс және (немесе) күдікті операцияларды жүзеге асырған жағдайда, клиент пен оның операцияларына қатысты субъектілер қабылдайтын шараларды қолдану тәртібі және сипаттау;

4) жария лауазымды тұлғалар, олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстарын болып табылатын, сондай-ақ, олардың жүзеге асырылу нысанына және ақша қаражатының және (немесе) осындай клиенттердің басқа меншігінің шығу көзін анықтауды қоса алғанда, олар жасалған не жасалуы мүмкін сомасына қарамастан көрсетілген тұлғалар бенефициарлық меншік иелері болып табылатын клиенттерге қызмет көрсетуге қабылданған қаржылық операциялардың тұрақты күшейтілген мониторингін жүзеге асыру тәртібі.

Субъект жауапты қызметкерді не КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ бойынша бөлімше қызметкерлерін тағайындаған жағдайда, клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы қосымша қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

1) осы Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған және (немесе) қосымша мәліметтерді жаңарту бойынша Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасында міндеттерді бөлу;

2) шектік, ерекше және күдікті операциялар туралы мәліметтерді анықтау және бөлімшелер (қызметкерлер) арасында беру бойынша Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы міндеттерді бөлу;

3) шекті, ерекше және күдікті операциялар анықталған кезде Субъект бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тетігінің сипаттамасы;

4) жауапты қызметкердің клиент операциясының біліктілігі туралы шешім қабылдау тәртібі, негіздері және мерзімі;

5) клиенттің операциясын жүргізуден бас тарту туралы (клиенттің, бенефициарлық меншік иесінің Тізбеде болуына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім қабылдау бойынша бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл жасау тәртібі;

б) тізімде және тізбелерде тұрған клиенттерді және бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттерді ақшамен және (

немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту, осындай клиенттерге қызмет көрсету не онымен іскерлік қатынастарды тоқтату бойынша Субъект бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл жасау тәртібі;

7) Субъектінің басшылығына шекті және күдікті операцияның, тізімнен және тізбелерден клиенттерді анықтау туралы ақпарат беру тәртібі (қажет болған кезде).

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

36. Клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасының шеңберінде Субъектілер КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар барлық шекті, ерекше, күдікті операциялар мен операциялардың мақсаттары мен негіздерін белгілеуге бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

Клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу нәтижелері Субъектілер қызметтерінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау үшін, сондай-ақ клиенттердің тәуекелдер деңгейлерін қайта қарау үшін пайдаланылады. Жария лауазымды адамдар, олардың жұбайлары немесе жақын туыстары болып табылатын клиенттердің, сондай-ақ бенефициарлық меншік иелері көрсетілген тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалардың операцияларын мониторингтеу және зерделеу нәтижелері осындай операцияларды жүзеге асыру нысанына және олар жасалған не жасалуы мүмкін немесе жасалуы мүмкін сомаға қарамастан, осы клиенттер тәуекелінің жоғары деңгейін төмендетуге негіз болып табылмайды.

Клиенттің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) Субъектіде клиентпен іскерлік қатынастардың барлық кезеңі ішінде және операция жасалғаннан кейін кемінде 5 (бес) жыл сақталады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

37. Клиент операцияларын зерделеу жиілігін Субъектілер клиенттің тәуекел деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъектілер қызметтерінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ жария ету тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін, клиенттің операцияларды (операцияларды) жасауын (жасауға әрекет жасауын) ескере отырып, сондай-ақ

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыру типологияларын, схемалары мен тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда, сондай-ақ клиент күдікті операция жасаған жағдайда Субъектілер клиент жүргізетін (жүргізген) операцияларды Субъект айқындайтын операцияны жүргізгенге дейінгі кезеңде, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде зерделейді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

38. Егер осы Талаптардың 22-тармағында көрсетілген операцияларды зерделеу нәтижелері бойынша Субъектілерде клиенттің операциялары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңдастыруға байланысты деп пайымдауға негіз болған жағдайда клиенттің операциялары күдікті деп танылады.

Субъектілер клиент операциясын күдікті операция ретінде тану (танымау) туралы шешімді клиенттің (оның өкілінің) және операцияны жүзеге асыратын бенефициарлық меншік иесінің мәртебесі мен қызметін сипаттайтын өзінің иелігіндегі мәліметтер мен құжаттардың, сондай-ақ клиенттің қаржы-шаруашылық қызметі, қаржылық жағдайы және іскерлік беделі туралы ақпараттың негізінде дербес қабылдайды.

Операцияны жасау уақыты мен осындай операцияны күдікті деп тану уақыты арасындағы айырма Субъектілердің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес белгіленген мерзімдерде клиенттің операциясын зерделеу жиілігін айқындайтын уақыт аралығынан аспауға тиіс.

Субъектілер уәкілетті органға бөлінген байланыс арналары арқылы электрондық тәсілмен тиісті шешім қабылдаған (іс-әрекет жасаған) күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операция жасалғаны туралы хабарламалар ұсынады.

Субъектілер ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалған, олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған операциялар туралы хабарларды операция күдікті деп танылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6-тарау. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ саласында Субъектілерді даярлау және оқыту бағдарламасы

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

39. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабының 8-тармағына сәйкес КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ саласында Субъектілерді даярлау және оқыту бағдарламасы (бұдан әрі – Оқыту бағдарламасы) уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектілерінің КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекітілген қаржы мониторингі субъектілеріне КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ саласында даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарға сәйкес әзірленеді.

Оқыту бағдарламасының мақсаты Субъектілер жұмыскерлерінің КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың, сондай-ақ ІБҚ-ның талаптарын және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ саласындағы Субъектінің өзге де ішкі құжаттарын орындауы үшін қажетті білім алуы және дағдыларды қалыптастыруы болып табылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

40. Алып тасталды – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

41. Алып тасталды – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 14.09.2022 № 32 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.09.2022 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2022 жылғы 28 ақпандағы
№ 60 мен
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2022 жылғы 28 ақпандағы
№ 17 Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бірлескен бұйрықтардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 527 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 112 "Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9966 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 705 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 6 "Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 527 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 112 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13087 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 967 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 274 "Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 527 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 112 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21400 тіркелген).